

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

Жұмыстарды сатып алу туралы

<жұмыстың атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> арқылы, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттілік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> арқылы, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 17-тармағының 2) тармақшасына және 134-тармағына және <хаттама бекітілген күн> баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <жұмыстың атауы> жұмыстарын сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасады.

<(Шартта төменде келтірілген түсініктер келесі ұғымдарды білдіреді:> (қажет болған жағдайда енгізіледі)>

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> ____ теңге тиын (____ теңге ____ тиын) мөлшеріндегі сомаға баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <жұмыстың атауы> жұмыстарды сатып алуды өткізу туралы шешімді қабылдады.

1.2. Тапсырыс беруші тапсырады және ақысын төлейді, Жеткізуші Шартта көзделген мерзімде және талаптарда Жұмысты орындауға өзіне міндеттеме қабылдайды.

1.3. Жеткізуші Жұмыстарды орындауды мына мекенжай бойынша жүргізеді: Алматы қаласы, Әйтеке би көшесі, 67-үй №109 кабинет (бұдан әрі – Объект).

1.4. Техникалық ерекше сипаттамасы, жұмыстар мен материалдардың тізбесі, сметалық құнының есебі Шарттың 1, 2,3 -Қосымшаларында (бұдан әрі – 1, 2,3-Қосымшалар) көрсетілген.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС сомасын қосқанда> ____ теңге ____ тиынды (____ теңге ____ тиын) (бұдан әрі – Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, ____ теңге ____ тиын (____ теңге ____ тиын) мөлшеріндегі Жұмыс құнынан, <және ____ теңге ____ тиын (____ теңге ____ тиын) мөлшеріндегі

ҚҚС сомасынан (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, Шарттың жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады) тұрады.

Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Жұмысты орындауға байланысты барлық шығыстары кіреді.

Шарттың жалпы сомасы Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған _____ (құжаттардың атауын көрсету) негізінде нақты орындалған Жұмыстардың көлеміне қарай азайтылуы мүмкін (бұл абзац қажет болған жағдайда қолданылады).

2.2. Шарт бойынша ақы төлеуді Тапсырыс беруші мынадай тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

Жеткізушіден белгіленген тәртіпте рәсімделген электронды шот-фактураларды және қос Тараптың жауапты тұлғалары қол қойған орындалған Жұмыс Актісін (бұдан әрі – Акт) алған күннен бастап 10 (он) операциялық күн ішінде тиісінше Жұмыстарды орындау фактісі бойынша;

Төлем Жеткізуші тиісті түрде рәсімделген электрондық шот-фактураны және Актіні ұсынған жағдайда жүргізіледі.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгертілген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Тараптар Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша ақы төлеу жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ____ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші кірістің түпкілікті алушысы және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың жалпы сомасын төлеген кезде тиісті халықаралық шартында көзделген салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін өз бетінше қолдануға құқылы (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы қаражат көздерінен алынатын кірістеріне қатысты қолданылады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шартты салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжатты және бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып,

құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен (бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген акционерлердің тізілімінен немесе өзге де ұқсас құжаттан) үзінді-көшірмені ұсынған жағдайда ғана рұқсат етіледі (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші бейрезиденттің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамастан кіріс сомасын төлейді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі 5 (бес) жұмыс күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып Тапсырыс беруші қабылдайды.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізуші орындаған Жұмысты *<Жұмыстың орындалу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын құжаттың атауы>* негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің Шарт бойынша Жұмысты орындау үшін тартқан мамандарын Шарттың 4.2.-тармағында көрсетілген Жұмысты жүргізу орнына кіру рұқсатымен қамтамасыз етуге;
- 3) орындалған Жұмыс үшін Шарттың талаптарына сәйкес ақы төлеуге міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіден Шартта белгіленген толық көлемде және мерзімде Жұмыстың тиісті түрде орындалуын талап етуге;
- 2) Жеткізуші орындайтын Жұмыстардың орындалу барысын, сапасын және көлемінің толықтығын бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) қажет болған жағдайда Жеткізушіден Шарт бойынша Жұмысты орындау барысы туралы ақпаратты сұратуға;
- 4) орындалған Жұмыстарды қабылдау-өткізу барысында және (немесе) кепілдік мерзімінің кезеңінде, орындалған Жұмыстардан кемшіліктер, ескертулер, сәйкессіздіктер, олқылықтарбұдан әрі - ақаулар) анықталған жағдайда, Жеткізушіге жазбаша хабарлама жолдай отырып, оларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге немесе орындалған Жұмысты қабылдаудан толық немесе ішінара бас тартуға және Актіге қол қоймауға;
- 5) Шарттың 3.3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды өз ұйғарымы бойынша бағалауға, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;
- 6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растау

құжаттарын талап етуге;

7) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға;

-

3.3. Жеткізуші:

1) Жұмысты Шартта көзделген мерзімде және талаптармен толық көлемде орындауға;

2) Тапсырыс берушінің қарауына Жұмыстың орындалу барысы туралы дәйекті ақпаратты және құжаттарды ұсынуға;

3) орындалған Жұмысты *<Жұмыстың орындалу фактісін растайтын және Шарт бойынша ақы төлеуді жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын құжаттың атауы>* негізінде беруге;

4) Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстардан ақаулар (оның ішінде ақаулы Материалдарды ауыстыруды жүзеге асыруға) анықтаған жағдайда, Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн, ал кепілдік мерзімі кезеңінде Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен жоюға;

5) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, Тапсырыс берушіден алынған жасырын ақпаратты жарияламауға және оны құпия сақтауға;

6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанына немесе тиісті түрде орындамағанына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

7) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген сәтте Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайларға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуі тиіс;

8) сатып алуға қатысу кезінде мәлімделген қызметкерлерді ауыстыру қажеттілігі туындаған жағдайда, Жеткізуші оларды ауыстыру күніне дейін 2 (екі) күнтізбелік күннен кешіктірмей сатып алуға қатысу кезінде мәлімделген қызметкерлердің біліктілігінен төмен емес қызметкерлердің біліктілігін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Тапсырыс берушіні жазбаша хабардар етуге міндеттенеді. Жеткізушінің қызметкерлерді ауыстыруы Тапсырыс берушінің жазбаша келісімін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылуы мүмкін (қажет болған жағдайда);

9) қосалқы мердігерлерді Жұмыстың жалпы көлемінің үштен екісінен аспайтын көлемде тарту жағдайларын қоспағанда (қажет болған кезде), Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін біреуге толық та, ішінара да бермеуге;

10) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

11) Жұмысты жоғары білікті мамандармен, оның ішінде қажетті рұқсаттары мен кіру рұқсаттары бар мамандармен орындауды қамтамасыз етуге;

- 12) Жұмысты санитариялық, өртке қарсы және экологиялық талаптарға сәйкес орындауды қамтамасыз етуге;
- 13) Шарттың осы тармағының 14) тармақшасында көзделген міндеттемелерді орындамаған кезде, оның ішінде олардың салдарларын жою бойынша дербес және өз есебінен толық көлемде жауапты болуға;
- 14) Тапсырыс берушіні Жұмысты орындау кезінде Жеткізушінің кінәсінен залал келтіру не бұзушылықтарға жол беру себебі бойынша Тапсырыс берушіге қойылатын үшінші тұлғалардың талаптары мен наразылықтарынан қорғауға;
- 15) Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны не тиісінше орындамағаны салдарынан Тапсырыс берушінің мүлкіне келтірілген зиянды (залалды) Тапсырыс берушіге өтеуге;
- 16) Тапсырыс берушінің мүлкіне, өз қызметкерлерінің меншігіне және денсаулығына зиян келтіруге немесе залал келтіруге, сондай-ақ өз қызметкерлерінің қаза болуына байланысты және Шартты орындау барысында және оның салдарынан туындайтын барлық тәуекелдер үшін жауапты болуға;
- 17) Объектіде белгіленген режимдік талаптарды сақтауға (қажет болған жағдайда);
- 18) Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған күннен бастап 12 (он екі) ай ішінде орындалған Жұмыстардың сапасына кепілдік беруге, сондай-ақ Тапсырыс берушіге Жеткізушінің (кепілгердің) міндеттемелерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарлама беруге;
- 19) Материалдардың үлгілері мен олардың сапасын куәландыратын құжаттарды (техникалық паспорттар, сертификаттар, зертханалық сынақтардың нәтижелері және т.б.) алдын ала Тапсырыс берушінің қарауына және келісуіне ұсынуға, сондай-ақ оларды Тапсырыс берушімен келіскеннен кейін ғана Жұмыстарда қолдануға;
- 20) Шартта көзделмеген күтпеген жұмыстарды (оның ішінде жасырылғандарын) орындау қажет болған жағдайда, бұл туралы Тапсырыс берушіге келісу және оларды Шарттың Жалпы сомасы шегінде орындау үшін тиісті актілерде және олардың нақты болуы бойынша сметалық есепте көрсете отырып, уақтылы жазбаша хабарлауға;
- 21) Объект аумағын таза ұстауға, барлық құрылыс қоқыстарын өз бетінше жинауға және Объектіден шығаруға.

3.4. Жеткізуші:

- 1) Жұмысты орындаған кезде қосалқы мердігерлерді тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің қосалқы мердігерлерге жалпы Жұмыс көлемінен үштен екі бөлігінен асатын Жұмыс көлемін беруге рұқсат етілмейді;
- 2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Жұмысты орындау үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;
- 3) Шарттың талаптарына сәйкес орындалған Жұмыс үшін ақы алуға құқылы.

3.5. Тараптар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға міндеттенеді.

4. ЖҰМЫСТЫ ОРЫНДАУ МЕРЗІМІ, ОРНЫ ЖӘНЕ ТАЛАПТАРЫ

4.1. Жұмысты орындау мерзімі *Шарт күшіне енген күннен бастап күнтізбелік 45 (қырық бес) күнді құрайды.*

4.2. Жеткізуші Жұмысты мынадай мекенжай бойынша орындайды: *г. Алматы, ул. Айтеке би, д. 67.*

5. ЖҰМЫСТЫ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Жеткізуші Жұмыстарды орындағаннан кейін Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарына сәйкес Актіні ұсынады.

5.2. Жұмыстарды орындау фактісі бойынша Тапсырыс беруші Жеткізушімен бірлесіп орындалған Жұмыстарды қабылдау-өткізуді жүргізеді және ақаулар/ескертулер болмаған жағдайда, Тараптар Актіге қол қояды.

5.3. Ақаулар/ескертулер болған кезде, Тапсырыс беруші Жеткізушіге жазбаша хабарлама жібереді, ал Жеткізуші оны алған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде онда көрсетілген барлық ақауларды/ескертулерді жоюға, оның ішінде ақаулы Материалдарды өз есебінен ауыстыруға міндетті. Жеткізуші ақауларды/ескертулерді жойғаннан (оның ішінде ақаулы Материалдарды ауыстырғаннан) кейін Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қояды.

5.4. Жұмыстар толық көлемде орындалғаннан (аяқталғаннан) Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарына сәйкес Актіні қоса бере отырып, бұл туралы жазбаша хабарлама береді. Тапсырыс беруші Жеткізушімен бірігіп отыр орындаған Жұмыстарды қабылдау-өткізуді жүргізуге және Ақаулар болмаған жағдайда Тараптар орындалған Жұмыстар Актісіне қол қояды. (қажеттілік болған жағдай осы тармақ қолданылады).

5.5. Ақаулар болған жағдайда, Тапсырыс беруші бұл туралы Жеткізушіге жазбаша хабарландыруды жолдайды, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарландыруды алған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде ол аталған барлық Ақауларды өз есебінен жоюға, оның ішінде ақаулы Материалдарды ауыстыруды міндетті.

5.6. Жеткізуші Ақауларды жойғаннан кейін, оның ішінде ақаулы Материалдарды ауыстыру, Тараптардың уәкілетті өкілдері Актіге қол қояды .

5.7. Жеткізуші Ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоймаған (оның ішінде Ақаулы Материалдарды ауыстыру мүмкін болмаған/бас тартқан) жағдайда, Тапсырыс беруші Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Форс-мажор жағдайларын қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен, Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзім бұзылған жағдайда, Жұмысты орындау күнін

қосқанда, кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың Жалпы сомасының 0,5%-ы (нөл бүтін оннан бес пайызы) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан (он пайызынан) аспайтын өсімпұлды;

2) орындалған Жұмыстардағы ақауларды жою мерзімі, бұзылған жағдайда, оның ішінде кепілдік мерзімінде - ақауларды жою күнін қоса алғанда, әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,5%-ы (нөл бүтін оннан бес пайызы) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан (он пайызынан) аспайтын өсімпұлды.

6.3. Ақауларды жоймаған, оның ішінде орындалған Жұмыстан ақауларды жою мүмкін болмаған/оларды жоюдан бас тартқан жағдайда:

- орындалған Жұмыстарды қабылдау-өткізу барысында Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10%-ы (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді;

- кепілдік мерзімі ішінде Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10%-ы (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді және Шарт бойынша орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелерге тең Тапсырыс беруші Шарт бойынша төлеген соманы қайтарады.

6.4. Тараптар Шарттың 8-бөлімін бұзған жағдайда, жасырын ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың жалпы сомасынан 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өзінен алынған жасырын ақпаратты жариялау салдарынан туындаған залалды Жеткізушіден өтеуді талап етуге құқылы.

6.5. Шарт бойынша ақы төлеу мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге кешіктірген әр жұмыс күні үшін төленуі тиіс соманың 0,1%-ы (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасының 5%-ынан (бес пайызынан) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.6. Шарттың 3.3-тармағының 2)-тармақшасына сәйкес, орындалған Жұмыстардың барысы туралы жалған ақпаратты Жеткізуші жазбаша түрде ұсынған фактілері анықталған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасының 1%-ы (бір пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл жағдайда, Жеткізуші дереу Жұмыстардың орындау барысы туралы дәйекті ақпаратты береді.

6.7. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші ақы төлеу жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.8. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.9. Жеткізушінің Шарт бойынша міндеттемелерін бұзғаны, оның ішінде кепілді мерзім кезеңінде бұзғаны үшін Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.10. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

-

7. КЕПІЛДІКТЕР

7.1. Жеткізуші тиісті сападағы Жұмыстарды толық көлемде, сондай-ақ Шартта көзделген мерзімде және талаптарда орындауға кепілдік береді.

7.2. Жеткізуші Материалдардың тиісті (жоғары) сапасына, олардың мемлекеттік және/немесе халықаралық стандарттарға сәйкестігіне, олардың тиісті сертификаттармен және олардың сапасын куәландыратын басқа да құжаттармен қамтамасыз етілуіне кепілдік береді.

7.3. Кепілдік мерзімі кезеңінде орындалған Жұмыстарда ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші анықталған ақаулар туралы Жеткізушіні олар анықталған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде жазбаша нысанда хабардар етеді, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде анықталған ақауларды өз есебінен жоюға міндеттенеді.

7.4. Орындалған Жұмыстың кепілдік мерзімі Тараптар *<Жұмыстың орындалу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын құжаттың атауы>* қол қойған күннен бастап 12 (он екі) айды айды құрайды.

Жеткізуші Тапсырыс берушіге Мердігердің (кепілгердің) міндеттемелерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарлама береді.

7.5. Жеткізушіде анықталған ақауларды Шартта белгілеген мерзімде жою мүмкін болмаған/жоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

7.6. Жеткізуші Шартта белгіленген мерзімде анықталған ақауларды жоюға мүмкіндік болмаған/одан бас тартқан жағдайда Тапсырыс беруші Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

7.6. Жеткізуші Шартта белгіленген мерзімде анықталған ақауларды жоюға мүмкіндік болмаған/одан бас тартқан жағдайда., Тапсырыс беруші Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЖАСЫРЫНДЫЛЫҚ

8.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап жасырын ретінде белгілеген барлық ақпаратты екінші Тарап көрсетілген ақпаратты ұсынатын Тараптың жазбаша рұқсатынсыз, ешқандай үшінші тарапқа:

1) Жеткізуші Шартты орындау үшін тартқан персоналға ұсыну жағдайын қоспағанда, жария етпейтінін мойындайды. Көрсетілген ақпарат осы персоналға жасырын және бұл шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуі тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, жария етпейтінін мойындайды.

8.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандай да бір

құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

-

8.4. Жасырын ақпаратты, оның ішінде Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін тартылған тұлғалар (Жеткізушінің қызметкерлері) жария еткен жағдайда Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

9. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ФОРС-МАЖОР)

9.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін, егер ол Тараптар алдын ала болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен еңсерілмейтін күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және өзге де табиғи зілзалалар, экологиялық апаттар, әскери іс-қимылдар, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, шектеу шаралары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдердің басталуы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар орын алған кезеңге жылжытылады.

9.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 9.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

9.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

10. ШАРТТЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

(осы бөлім Шартта Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талаптар болған кезде қолданылады)

10.1. Жеткізуші Шарт жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін Шарттың жалпы сомасынан __% (____ пайыз) мөлшерде:

- 1) Тапсырыс берушінің банктік шотына енгізілетін кепілдік ақшалай жарнаны;
- 2) банк кепілдігін немесе Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық құжат түріндегі банк кепілдігін;
- 3) электрондық әмиянға орналастырылған ақшаны енгізеді.

10.2. Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің уәкілетті тұлғалары <Жұмыстардың орындалу фактісін растайтын және

Шарт бойынша төлемді жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын құжаттың атауы> қол қойған күннен бастап және (немесе) Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Жеткізушіге қайтаруды қамтамасыз етеді.

10.3. Егер Шарт Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны не Шартта көзделген негіздер бойынша, мерзімде және тәртіппен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемеуі салдарынан Шарт бұзылса, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

11. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТАЛАПТАРЫ

11.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға міндетті.

11.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

11.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

12. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

12.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

12.2. Шарттың 12.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

12.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда:

1) Тапсырыс берушінің Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;

2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;

3) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда, Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;

4) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;

5) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіпте бұзуға құқылы.

12.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуі тиіс.

13. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ

13.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде кепілдік міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

14. ШАРТ ТІЛІ

14.1. Шарт екеуі қазақ тілінде және екеуі орыс тілінде, заңдық күші бірдей 4 (төрт) дана етіп жасалды.

15. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

15.1. Шартқа 1,2,3- қосымшалар Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

15.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

16. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекенжайы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекенжайы>

<Тапсырыс берушінің ЖСК>

<банктің атауы>

<Тапсырыс берушінің БСН>

<Тапсырыс берушінің БСК>

<Тапсырыс берушінің Бек>

Тапсырыс берушінің атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>

<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекенжайы>

<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекенжайы>

<Жеткізушінің ЖСК>

<банктің атауы>

<Жеткізушінің БСН>

<Жеткізушінің БСК>

<Жеткізушінің Бек>

Жеткізушінің атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС – қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты.

Портал закупок Национального Банка Республики Казахстан

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках работ

<наименование работ>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 2) пункта 17 и пунктом 134 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее – Правила), и протоколом об итогах закупок работ < наименование работ> способом запроса ценовых предложений <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее – Договор) о нижеследующем.

<(В Договоре ниже перечисленные понятия имеют следующее толкование:> (включается при необходимости)>

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик на портале закупок _____ разместил объявление о проведении закупок работ <наименование работ> (далее – Работы) способом запроса ценовых предложений и принял ценовое предложение Поставщика на сумму _____ тенге ____ тиын (_____ тенге ____ тиын), <без учета суммы НДС>.

